

«Норт Каспиан Оперейтинг Н.В. компаниясының
05.11.2024 ж. №KZ68RYS00854008 көзделіп отырған қызметі туралы
өтініші бойынша ұсыныстар мен ескертулердің жиынтық кестесі

Хаттама

Жиынтық кесте жасалған күні: 25.11.2024 ж.

Жиынтық кесте жасалған орын: Атырау облысы бойынша экология департаменті
Экологиялық реттеу және бықылау комитеті Қазақстан Республикасы Экология геология және табиғи ресурстар министрлігі

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның атауы: Атырау облысы бойынша экология департаменті Экологиялық реттеу және бықылау комитеті Қазақстан Республикасы Экология геология және табиғи ресурстар министрлігі

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын жинау туралы хабарланған күн: 06.11.2024 ж.

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын беру мерзімі: 06.11.2024 ж.- 25.11.2024 ж.

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын жинақтау:

№	Мүдделі мемлекеттік орган	Ескертулер мен ұсыныстар
1	Атырау облысы бойынша экология департаменті	1. Кәсіпкерлік субъектілері қауіпті қалдықтарды қайта өңдеу, залалсыздандыру, кәдеге жарату және (немесе) құрту жөніндегі жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) үшін "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы заңының талаптарына сәйкес қызметтің тиісті кіші түрі бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтерді көрсетуге лицензия алуға міндетті. Осыған байланысты қалдықтарды қауіпті қалдықтарды қайта өңдеуге, залалсыздандыруға, кәдеге жаратуға және (немесе) жоюға лицензиясы бар мамандандырылған ұйымдарға беруді қамтамасыз ету қажет. 2. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 320-бабының 2-тармағының талаптарын сақтау қажет, Қалдықтарды жинақтау орындары: 1) қалдықтарды жинау (мамандандырылған ұйымдарға беру) немесе осы қалдықтар қалпына келтіру немесе жою жөніндегі операцияларға ұшырайтын объектіге оларды өз бетінше әкету күніне дейін алты айдан аспайтын мерзімге қалдықтарды түзілген жерінде уақытша жинап қоюға. 3. Кодекстің 327-бабына сәйкес қалдықтарды басқару жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын тұлғалар тиісті операцияларды адамдардың өміріне және (немесе) денсаулығына зиян келтіру, экологиялық залал келтіру қатерін төндірмейтіндей етіп және атап айтқанда: 1) суға, оның ішінде жерасты суларына, атмосфералық ауаға, топыраққа, жануарлар дүниесі мен өсімдіктер әлеміне тәуекелсіз; 2) ландшафтар мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға теріс ықпалын тиізбей орындауға міндетті. 4. Су ресурстарының жай-күйіне мониторинг пен

		бақылауды ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар беру. 5. Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексінің 65 бабына сәйкес, аталған жұмыстарға қоршаған ортаға ықтимал әсер ету жобасын жасақтап сонымен қатар, ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар Министрлігінің м.а. бекіткен №286 2021 жылғы 3 тамыздағы ережесіне сәйкес, қоғамдық тыңдау өткізу міндетті болып табылады.
2	Атырау облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	Атырау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы «НКОК Н.В» филиалының KZ68RYS00854008 белгіленіп отырған қызмет туралы өтініші Қазақстан Республикасы Экология Кодексінің талаптарына сәйкес облыс әкімдігінің www.gov.kz сайтына жүктеліп, жобаға қатысты ескертпелер мен ұсыныстар болмағандығын хабарлайды. Алайда, Қазақстан Республикасының Экология кодексінің барлық талаптары сақталуы қажет екендігін қаперге береді.
3	Атырау қаласының Әкімдігі	Қала әкімдігі Атырау облысы Каспий теңізінде орналасқан Қашаған кен орынында Каспий теңізінен су қабылдау бассейнін оқшаулау және оны жабық сумен жабдықтау жүйесінің жинақталуы ретінде пайдалану жобасы бойынша алып қосар ұсыныс жоқ екенін қаперіңізге береді.
4	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің санитарлық – эпидемиологиялық бақылау комитеті Атырау облысының санитарлық – эпидемиологиялық бақылау департаменті. Жылыой аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы республикалық мемлекеттік мекемесі	«Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» Филиалы Атырау облысы Каспий теңізінде орналасқан Қашаған кен орынында Каспий теңізінен су қабылдау бассейнін оқшаулау және оны жабық сумен жабдықтау жүйесінің жинақталуы ретінде пайдалану жобасы бойынша белгіленіп отырған қызмет туралы өтініш және оған қоса берілген құжаттар бойынша төмендегіше ұсынамын. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2022 жылғы 11 қаңтардағы № ҚР ДСМ-2 бұйрығымен бекітілген "Адамның өмір сүру ортасы мен денсаулығына әсер ету объектілері болып табылатын объектілердің санитариялық-қорғаныш аймақтарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының 9 тармағына сәйкес жаңа, жобаланатын және жұмыс істеп тұрған объектілер үшін СҚА-ның алдын ала (есептік) өлшемдері СҚА-ны белгілеу жөніндегі жобалау құжаттамасын әзірлей отырып, осы Санитариялық қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес белгіленеді. Осы Санитариялық қағидалардың 1-қосымшасына енгізілмеген объектілер үшін СҚА есептік өлшемдер атмосфералық ауаға физикалық әсер ету (шу, діріл, ЭМӨ) деңгейлерін және атмосфералық ауаның ластанып таралуының

		есептеулері және (қауіптіліктің I және II сыныптарындағы объектілерге арналған) халықтың денсаулығы мен өмірі үшін тәуекелді бағалауы бар жоба негізінде есептеу әдісімен белгіленуі қажет.
5	«Су ресурстарын пайдалануды Реттеу және қорғау жөніндегі Жайық-Каспий бассейндік Инспекциясы»	Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану жөніндегі Жайық-Каспий бассейндік инспекциясы (<i>бұдан әрі - Инспекция</i>) Атырау облысы Каспий теңізінде орналасқан Қашаған кен орнында Каспий теңізінен су қабылдау бассейнін оқшаулау және оны жабық сумен жабдықтау жүйесінің жинақталуы ретінде пайдалану жобасы бойынша белгіленіп отырған қызмет туралы өтінішіне (<i>бұдан әрі - Өтініш</i>) сәйкес мынадай ұсыныстар енгізеді. 1. Су объектілерінің және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің аумағында (тиісті облыстардың әкімдері белгілейтін) құрылысқа (немесе салуға байланысты емес) жоспарланған іс-шараларды жүзеге асыру Қазақстан Республикасы Су кодексі 125 және 126- баптарының талаптарына сәйкес белгіленген тыйымдар, шектеулері ескеріле отырып жүзеге асырылады, атап айтқанда: 1.1. Су объектілерінде және су қорғау белдеулерінің шегінде, су шаруашылығы мен су тарту құрылыстары және олардың коммуникацияларын, көпірлерді, көпір құрылғыларын, айлақтарды, порттарды, пирстерді және басқа да су көлігінің жұмысына қатысты көлік инфраструктурасын қоспағанда жаңадан салынатын құрылыстарды (ғимараттар, құрылыстар, олардың кешендері мен коммуникациялары) жобалауға, салуға және орналастыруға, топырақ пен шөп жамылғысын бұзатын жұмыстарды жүргізуге (соның ішінде жер жырту, мал жаю, тау-кен жұмыстарын жүргізу) тыйым салынады. 1.2. Су қорғау аймақтарының шегінде ғимараттарды, құрылыстарды, коммуникацияларды және басқа да құрылыстарды қайта құруға сондай-ақ құрылыс, су түбін терендету және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, кабельдерді, құбырларды және басқа коммуникацияларды төсеуге, бұрғылау, жер және басқа да келісілген жұмыстарды жүргізуге, белгіленген тәртіппен оның ішінде бассейндік инспекциясымен келісілген жобасы жоқ жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады; 1.3. Су объектілерінің аумағы арқылы көлік немесе инженерлік коммуникациялар салу жобалары тасқын суларының өтуін, су объектілерінің жұмыс режимін

		қамтамасыз ету, судың ластануын, бітелуін және сарқылуын болдырмау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруды олардың зиянды әсерінің алдын-алуды көздеуге тиіс; 2. Егер аумақта су объектілерінде су қорғау аумақтары мен белдеулері белгіленбеген болса, жоспарланған іс шараларды жүзеге асыру туралы шешім су қорғау аймақтары мен белдеулері тиісінше тәртіппен белгіленгеннен кейін және осы хаттың 1-тармағының талаптары ескере отырып қабылданады. 3. Судағы жоспарланған қызметті жүзеге асыру үшін су объектісінен тікелей су объектісінен алуды немесе алмай-ақ жер үсті және (немесе) жер асты су ресурстарын пайдалануға ҚР Су кодексінің 66 бабының талаптарына сәйкес арнайы су пайдалану рұқсаты болған жағдайда ғана рұқсат етіледі.
6	«Атырау облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы» РММ	Атырау облыстық Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚРЗ Экологиялық Кодексінің 68 бабының 9 тармағына сәйкес, Атырау облысы Каспий теңізінде орналасқан Қашаған кен орынында Каспий теңізінен су қабылдау бассейнін оқшаулау және оны жабық сумен жабдықтау жүйесінің жинақталуы ретінде пайдалану жобасы бойынша белгіленіп отырған қызмет туралы келіп түскен өтініші бойынша, аталған аумақ «Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 26 қыркүйектегі №593 қаулысымен бекітілген Каспий теңізінің Солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорғалатын табиғи аумақтың бөлігі болып табылатындығын қаперіңізге береді. Бұл аумақта құстардың 292 түрі мекендейді, оның 216 түрі көктемгі және күзгі миграцияда, 76 түрі қыстайды. Барлық құстардың ішінде 26 түрі Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген. Аталған жоба бойынша ескерту ретінде сол аумақтардан күзгі, көктемгі жабайы құстардың миграциясы өту мүмкіндігіне байланысты жобадағы жұмыстарды жүргізу барысында Қазақстан Республикасы жануарлар дүниесінің өсімін молайту мен пайдалануды қорғау туралы Заңының 17-ші бабының 1,2-ші тармақшаларына сәйкес заң талаптарын қатаң сақтауды талап етеді.
7	Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар Министрлігі өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Атырау облысы бойынша департаменті	Хат түскен жоқ
	Атырау облысы бойынша	Қала әкімдігі Атырау облысы Каспий теңізінде

	төтенше жағдайлар Департаменті ММ	орналасқан Қашаған кен орынында Каспий теңізінен су қабылдау бассейінін оқшаулау және оны жабық сумен жабдықтау жүйесінің жинақталуы ретінде пайдалану жобасы бойынша алып қосар ұсыныс жоқ екенін қаперіңізге береді.
8	Қоғамдық мүшесі	Ұсыныстар мен ескертулер жолданған жоқ